

Сабақтың тақырыбы: Менің болашақ мамандығым. Сөз құрамы

Сабақтың мақсаты:**1.Білімділік** – қазақ тіліндегі қосымшалардың түбір сөзге жалғану заңдылықтары туралы ұғымдарын дамыту, жұрнақ пен жалғаудың атқаратын қызметін таныту.

2. Тәрбиелік –ұжымдық жұмыс жасау барысында адалдық қасиеттерін дамыту.

3. Дамытушылық – фонетика тарауы бойынша алған білімдеріне сүйене отырып сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенді ойлау қызметтерін жандандыру, дұрыс сөйлеуге машықтандыру.

Сөз құрамы

Түбір

Түбір дегеніміз-сөздің одан әрі бөлінбейтін мағыналы бөлігі.

Қосымша

Жұрнақ

Сөздің мағынасын өзгертеді

Жалғау

Сөз бен сөзді байланыстырады

● Сөз құрамы (Состав слова)

Қазақ тілінде сөз құрамы түбір сөзден, түбір мен қосымшадан /түбір+жұрнақ, түбір+жалғау, түбір+жұрнақ+жалғау/-қосымшалы сөз, туынды сөз, қос сөз, қысқарған сөздер, сөз тіркестерінен тұрады.

(В казахском языке состав слова состоит из корня, корня и аффиксов /составные слова/, производных слов, удвоенных слов, сложносокращенных слов, словосочетаний).

Түбір – сөздердің ешқандай тұлғалық бөлшектерге бөлінбейтін түпкі, негізгі қазығы, жаңа сөз жасаудың негізі. (Корень – первоначальная, неделимая основа слова).

Түбір түрлері (Виды корня)

1. Дара түбір (простой корень). Мысалы: ата, кітап, адам, мектеп т.б.
2. Қос сөздер (удвоенные слова). Мысалы: тау-тау, кезек-кезек, ата-ана т.б.

- **Туынды түбір** – түбірге жұрнақтар қосылып, жаңадан түбір сөз пайда болады. (Производный корень – образованный новый корень с помощью суффиксов).
Мысалы: бала – бала+лық, мал – мал+шы, дәрі – дәрі+гер, өнер - өнер+паз т.б.

Түбірлес сөздер – бір түбірден пайда болған бірнеше сөз.
(Однокоренные слова – слова, образованные из одного корня).
Мысалы: өн – өнім - өндіріс - өніс - өңгіш т.б.

Туынды сөздер мен туынды түбір сөздер бірдей емес. Туынды түбір жұрнақтар арқылы негізгі түбірден туған сөз болса, туынды сөз тек туынды түбірден ғана жасалады. Сонымен бірге туынды түбірден туынды сөздер өрби береді.

(Производный корень и производные слова – это не одно и то же понятие. Производный корень образуется от непроизводного корня при помощи суффикса, а производные слова образуются только от производного корня). Мысалы: біл – білім – туынды түбір (производный корень).
білім – білімді, білімпаз – туынды сөздер (производные слова).

Қосымшалы сөз – түбір мен қосымшадан құрылып тұрған сөз.
Қосымшаның екі түрі бар: біріншісі – жұрнақ, екіншісі – жалғау.
(Қосымша → это прибавочная морфема, т.е. аффикс. Аффиксальное слово состоит из корня и аффикса. Аффикс бывает двух видов: первый – суффикс, второй – окончание).

1 тапсырма. Мәтінді мәнерлер оқып, мазмұнын түсіну.

- XXI ғасыр адам өмірінің әртүрлі саласына жаңалықтар енгізіп қанай қоймай, жаңа мамандықтарды да ала келді. Адам баласы ХХІғасырда қажетсінібеген, тіпті естіп-білмеген түрлі мамандықтар пайда болуда.
- Ол негізінен, ақпараттық технологиялардың ұшықар дамуына, қызмет көрсету және саладағы еңбекті жіктеу ережесінің түрленуіне байланысты. Төменде келтірілген мамандық атаулары бірнеше жыл бұрын қолданыста болмаған, олардың атын естігенде қазіргі күннің өзінде “Сонда, ол маман немен шұғылданады?” деген сауал туындайды. Бірақ даму жолына түскен компаниялар бүгінде осындай мамандар үшін өз мекемесінде “орын әзірлеп” жүр. Сонымен, жаңа ғасырдың жаңа мамандықтарына тоқталайық.
- **бренд-менеджер** – тауарды сатуды ғана емес, оның қалай өндірілетінін жақсы білетін маман;
- **логистик** – жүк тасымалын қадағалайтын маман;
- **промоутер** – компанияның өнімді сату, жарнамалау және өткізу жұмыстарымен шұғылданатын өкілі;
- **супервайзер** – сауда адамдарының жұмысын қадағалайтын, жаңа бағыттарды айқындайтын маман;
- **веб-мастер** – сайт жасаумен шұғылданатын маман;
- **коучер** – қызметшілердің потенциалын өсіретін маман;
- **интервьюер** – әлеуметтік зерттеулер үшін сауалнама, сұхбат жүргізетін маман;
- **девелопер** – жылжымайтын мүлік саласында, оны жобалау және құрылысын жүзеге асырумен шұғылданатын маман.

2. тапсырма. Тест тапсырмасын орындау (Графикалық тест)

- **«Мамадық» сөзінің аудармасы**
- А-профессия;
- Б-строитель;
- С-писатель.
- **«Есепші» сөзінің аудармасы**
- А-«Земледелец»;
- Б-«бухгалтер»;
- С-«горняк».
- **«Аудармашы» сөзінің аудармасы**
- А-«посол»;
- Б-«художник»;
- С-«переводчик».
- **«Актер» сөзінің аудармасы**
- А-«защитник»
- Б-«эртис»;
- С-«врач».
- **«Кәсіпкер» сөзінің аудармасы**
- А-«предприниматель»;
- Б-«журналист»;
- С-юрист.

- **3 тапсырма.** Түбірі мен қосымшасын бөліп көрсетіңдер.
- Мысал: ел+ші.

Елім, көрші, көйлекшең, ақылдылық, сүттей, көкгер берік, аудандық, асхана, құрылыс, жаңалық, тасымал, жеткізбеу, көрсеткіш, сенім,

- **4-тапсырма.** Берілген мамандық иелерінің немен айналысатынын сәйкестендіріңдер.
- Құрылысшы сурет салады.
- Жазушы аударады.
- Есепші рөлді ойнайды.
- Дикан елдестіреді.
- Кенші қорғайды.
- Қорғаушы егін салады.
- Аудармашы үй салады.
- Елші есептейді.
- Суретші кітап жазады.
- Актер кен өндіреді.

- **Үйге тапсырма. I.Ережені оқу. II. Мәтіндегі түбір мен қосымшаларды ажыратыңыздар.**
- Менің мамандығым – заңгер. Анамның мамандығы – есепші. Біздің оқытушымыздың аты-жөні – Анар Сұлтанқызы. Мен өз мамандығымды ұнатамын. Мен дәрігер емеспін, медбикемін. Мен білім саласында қызмет етемін. Менің досым бағдарламашы болып жұмыс істейді.

Назарларыңызға рахмет!!!